



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2023 жылғы қараша

2023 жылғы қарашада жылдық инфляция 10,3%-ды құрады (қазанда – 10,8%). Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы бір жылда тиісінше 9,2%-ға дейін (қазанда – 10,4%) және 9,9%-ға дейін (қазанда – 11,1%) баяулады, ал ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 12,0%-ға дейін (қазанда – 11,0%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 17 өңірде бәсеңдеді, 2 өңірде жеделдеді және 1 өңірде (Абай облысы) өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 12 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (11,6%), Ақмола және Ұлытау облыстарында (11,2%-дан) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 қараша – 2023 қараша), %-бен

Қарағанды	20,2	11,6
Ақмола	21,0	11,2
Ұлытау	20,3	11,2
Солтүстік Қазақстан	19,6	11,0
Түркістан	19,0	11,0
Жамбыл	18,0	10,7
Жетісу	19,2	10,7
Шығыс Қазақстан	19,3	10,5
Алматы қ.	19,5	10,5
Қостанай	18,8	10,4
Маңғыстау	23,8	10,4
Павлодар	19,1	10,4
Ақтөбе	19,2	10,3
Қазақстан Республикасы	19,6	10,3
Батыс Қазақстан	18,8	10,1
Абай	19,5	9,7
Атырау	19,0	9,7
Қызылорда	19,1	9,7
Астана қ.	22,6	9,2
Шымкент қ.	19,5	9,2
Алматы	17,8	8,4

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (9,2% ж/ж) жоғары Ұлытау (12,4%), Ақмола (10,9%), Солтүстік Қазақстан (10,4%), Қостанай (10,0%), Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан (9,9%-дан), Жамбыл, Қызылорда облыстарында және Астана қаласында (9,8%-дан), сондай-ақ Абай (9,6%), Қарағанды (9,5%) және Атырау (9,3%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (9,9% ж/ж) жоғары Маңғыстау (12,2%), Жамбыл (11,2%), Қарағанды және Қостанай (10,9%-дан) облыстарында, Алматы қаласында (10,8%), Түркістан (10,7%), Шығыс Қазақстан (10,3%), Батыс Қазақстан (10,1%) және Жетісу (10,0%) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде: Түркістан (18,1%), Ақтөбе (16,2%), Жетісу (15,0%), Қарағанды (14,7%), Павлодар (14,5%), Солтүстік Қазақстан (13,7%), Ақмола (13,6%), Жамбыл (12,6%) облыстарында, Шымкент және Ұлытау облыстарында (12,3%-дан) жалпы республикалық деңгейден (12,0% ж/ж) жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>9,2</b>	<b>9,9</b>	<b>12,0</b>
Ақмола	10,9	9,7	13,6
Ақтөбе	8,1	8,4	16,2
Алматы	8,2	7,7	9,8
Атырау	9,3	9,4	11,2
Батыс Қазақстан	9,9	10,1	10,5
Жамбыл	9,8	11,2	12,6
Қарағанды	9,5	10,9	14,7
Қостанай	10,0	10,9	10,3
Қызылорда	9,8	9,0	10,3
Маңғыстау	9,0	12,2	10,3
Павлодар	9,1	8,8	14,5
Солтүстік Қазақстан	10,4	9,8	13,7
Түркістан	8,3	10,7	18,1
Шығыс Қазақстан	9,9	10,3	11,7
Астана қ.	9,8	8,6	8,4
Алматы қ.	9,2	10,8	11,2
Шымкент қ.	6,8	9,5	12,3
Абай	9,6	9,8	9,6
Жетісу	9,0	10,0	15,0
Ұлытау	12,4	8,5	12,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы қарашада елде айлық инфляция 1,0%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәннен<sup>i</sup> (2017-2021 жылдардағы қарашада 0,8%) жоғары. Павлодар облысында (1,6%) айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы қарашадағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бе

Өңірлер	5 жылғы қарашадағы орташа мәні	2023 жылғы қараша	Өңірлер	5 жылғы қарашадағы орташа мәні	2023 жылғы қараша
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,8</b>	<b>1,0</b>	Астана қ.	1,1	0,9
Павлодар	1,0	1,6	Шымкент <sup>ii</sup>	0,6	0,9
Ақтөбе	1,1	1,5	Алматы қ.	0,7	0,8
Маңғыстау	0,7	1,4	Қызылорда	0,8	0,8
Қарағанды	0,9	1,3	Солтүстік Қазақстан	0,8	0,8
Түркістан	0,8	1,3	Алматы	0,6	0,7
Жамбыл	0,8	1,1	Атырау	0,6	0,7
Абай	-	1,0	Қостанай	0,9	0,7
Батыс Қазақстан	0,9	1,0	Ақмола	1,0	0,6
Ұлытау	-	1,0	Жетісу	-	0,6
Шығыс Қазақстан	0,9	0,9			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

<sup>i</sup> Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

<sup>ii</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән